

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ СИПАТЫ

*Gulzhanat BEGİMOVA**

1. Кіріспе

Қазақ және түрік халықтарында дипломатиялық терминдер ерте кездерден бастап-ақ қалыптасқан. Дегенмен, дипломатиялық терминдердің мағыналық ерекшелігі, жасалу сипаты, танымдық негізділігі салыстырмалы бағытта да, жеке теориялық мәселе ретінде де әзірге зерттеу нысанына айнала қоймаған.

Осыдан он төрт ғасыр бұрын бүгінгі таңда жалпы саны 200 млн. адамға жетіп отырған түркі халықтары бір тілде сөйлеп, Түрік қағанаты атты бір мемлекеттің құрамында тіршілік еткені тарихтан белгілі жайт. Тек VII ғасырдан бастап, олардың тарихында бөліну және ажырау үдерісі басталды. Мұстафа Ататүрік “Жер бетінде түрікке түріктен артық дос жоқ” деген. Осы сөздің мәнін байсалдылықпен пайымдасақ, бұл жақындық түркі халықтарының тілінің бірлігі, дінінің бірлігі, мәдениетінің бірлігі, әдет-ғұрпы мен дәстүрінің бірлігі арқылы анықтала түспек. Қазақ және түрік тілдерінің тарихи туыстығы, ортақ діл мен діннің болуы көп нәрсенің байыбына терең барлауға жетелейді. Қазіргі уақытта түбі бір түркі тілдерінің терминдік жүйесін реттеу, мүмкін болған жағдайда, ондағы ортақ терминдердің санын көбейтіп, сапалық мүмкіндігін арттыру мәселесі күн тәртібіне қойылуда.

* Doç. Dr., Al-Farabi Kazak Milli Üniversitesi, guljik_76@mail.ru.

2. Қазақ және Түрік Тілдеріндегі Дипломатиялық Терминдердің Тарихы.

Қазақ және түрік халқының өзге елдермен дипломатиялық қарым-қатынас жасауының тарихы терең. Дегенмен, жазу арқылы сақталған тілдік деректердің тарихы екі тілге де ортақ көне түрік жазбаларындағы тарихи деректермен тікелей байланысты айтылады. Түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы саналатын көне түркі жазбаларынан бастап, дипломатиялық терминдер мен атаулардың ортақтығы қалыптаса бастады деуге толық негіз бар. Олай болса, дәстүрлі мәдениеті бар іргелі ел болғандықтан, кез келген сөздің тарихи дамуын көне мұралардан іздеу қажет. Осы тұрғыдан алғанда дипломатиялық терминдердің шығу тарихын Көне түркі жазба мұраларында жазылған мәтіндерден де іздеп табуға болады.

“Білге Тонуқұқ” ескерткішіндегі мына мәтінді талдап көрелік:

Ел йеме ел болту,

Будун йеме будун болту.

Өзүм қару болтум.

Улуғ болтум. (Өмірәлиев 1985: 127)

Мұндағы *ел, ел болу, будун, ұлық* сөздері дипломатиялық терминдердің қалыптасуының негізі. Көне түркі жазба мұраларында жазылған мәтіндерде *қырғыз, оғыз, түрік* сөздері тайпа атаулары болса, *будун, қаған, айғучы, сүле* дипломатиялық термин мәнінде жұмсалған деуге негіз бар. Өйткені мұндағы негізгі әңгіме әртүрлі елдердің арасындағы мәселеге қатысты айтылады. Әрине қазіргі көзқарас тұрығысынан алғанда, толықтай терминдік сапада қолданылмаса да, дипломатиялық терминдердің бастау бұлағы деуге негіз бар. Көне түркі тілінде кездесетін дипломатиялық мағынада келетін сөздер қазақ тілі мен түрік тіліне ортақ сөздер. Айталық, ескерткіштерде кездесетін *elçi - elui* сөзі екі тілде де осы негізгі мағынасында жұмсалады. *Ulus* сөзі қазіргі түрік тілінде *ulus-ұлт* мағынасында белсенді жұмсалады. *Соғыс* сөзі түрік тілінде *savaş* деп қалыптасып, дипломатия терминіне айналған. *Savaş* сөзі арқылы *savaş halі (соғыс жағдайы), haklı savaş (әділетті соғыс), savaş hukuđu (соғыс құқығы), sođuk savaş (суық соғыс)* т.б. сияқты дипломатиялық терминдер қалыптасқан.

Алтын Орда дәуірінде XIV ғасырда жазылған бірнеше хан жарлықтары бар. Бұл хан жарлықтарын А. Ибатов өзінің “XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі” атты үлкен зерттеу жұмысында ғылыми талдаған, әрі хан жарлықтарының арабша жазылған мәтінін, оның жиілік сөздігін берген. Профессор Ә. Ибатовтың “Жарлық текстерінің

жиілік Сөздігін” негізге ала отырып, мәтінде мынадай дипломатиялық терминдер кездесетінін анықтауға болады: *даруға, йарлық, йорт, орда, найза, салық, сый, башлығ, бітікчі, кент, қазы, тамға, тамғачы, елші* т.б. (Ибатов 1990: 141).

Түрік тіліндегі дипломатиялық терминдердің қалыптасуының өзіндік тарихы бар. Бұны Түркия Республикасының сыртқы істер министрлігінің мұрағатында осман империясында жазып күні бүгінге дейін сақталған құжаттарды талдау барысында көз жеткіздік. Осман империясында жазылған құжаттарда да дипломатиялық мәнде кездесетін бірліктер баршылық. Сондай құжаттардың бірі:

Bir keresinde, Elçi Kara Mehmet Paşa Viyana İmparatoru'na elçi olarak gidecekti (1665). Mehmet Paşa'nın kendisini sınır milinde karşılamaya gelen Viyanalı baş delegeye şu şartları dediği kaydolunur: Ben İmparator huzuruna çıktığım zaman, Kral tahtından inip bana divanhane kapısına kadar gelir, benim omzumu öper ve ben de onun göğüsünü öperim. Kralınız Mekke, Medine ve Osmanlı Padişahının mektubunu öpüp başına koyar ve padişah mektubu okunduğu sürece ayakta durur tüm isteklerimizi yasa gereğince verirse, mektupta yazılı olanların dışında her şey istemezse, Kralınızın karşısına çıkarım. Aksi takdirde, durumu Padişahımıza bildiririm ki, bu da sizin için iyi bir sonuç vermez. “Baş Delege, Osmanlı Elçinin bu sözleri karşısında çok şaşırmış ve: Siz ne garip bir sevdaya tutulmuşsunuz. Hiçbir elçi şimdiye dek yedi düvel sahibi Kralımıza böyle bir öneride bulunmadı...” (Түнджер 1991: 25).

Қазақша аудармасы: “*Елші Кара Мехмет Паша Вена империясына елші ретінде баратын болған (1655). Мехмет пашаның өзін шекара маңына күтіп алуға келген Веналық делегацияға төмендегідей шарттарды қойған: Мен императордың алдына келгенде, король тағынан түсіп, диванханенің тұра есігіне келіп, иығымды сүйеді, менде оның көкірегін сүйемін. Корольдарыңыз Мекке, Мәдина мен Османдық падишахтың хатын сүйіп басына қояды, хат оқылған кезде тік тұрып барлық талаптарымызды заң бойынша жүзеге асырса, хатта жазылғандардан тыс ештеңе талап етпесе, корольдеріңіздің алдына барамын. Олай болмаған жағдайда падишахқа болған жәйтты жеткіземін. Әрине бұл сіздерге жақсы нәтиже бермейді. Делегация Османдық елшінің айтқан сөздеріне қайран қалады да былай деп жауап береді:*

- Сіз сондай ақылға сыйғысыз сөздер айтып тұрсыз. Осы уақытқа дейін ешбір елші жеті ұлы державаның иесі королімізге мұндай шарттар қойған емес...

Мәтінде мынадай терминдік мәні бар сөздер кездеседі: *şart* – шарт, *elçi- елші, sınır-шегара, sınır mili - шегара маңы, imparator- император,*

padişah-падишах, mektup- хат, kral-король, taht – тақ, baş delege - бас делегация, yasa - заң т.б.

Мұндағы *şart - шарт* сөзі қазіргі қазақ тілінде де, түрік тілінде де дипломатиялық термин ретінде қолданылады. *Шарт /şart/ -* договор мағынасында жұмсалып, тірек сыңар ретінде өзге де бірнеше терминнің жасалуына негіз болып:

халықаралық шарт - uluslararası şart /antlaşma/

қос тараптық шарт- çifte taraflık şart

көп тараптық шарт- çok taraflı şart

сауда мен төлем шарты- ticari ve ödeme şartı

уағдаластық негізіндегі шарт- pakt esaslı şart /antlaşma/ олардың парадигматикалық қатары жасалған.

XVII ғасырда өмір сүрген түрік ақыны әрі саяхатшысы Евлия Челебидің өзінің атақты шығармасы «Саяхатнамасында» шетелдік басшылардың османдық елшілерді қарсы алу рәсімі жайлы жазылған мәтінде:

Түрікше: “*Kral Osmanlı elçisini ayakta karşılar; başı açıktır; yani şapkasını çıkartmıştır. Elçi Paşa Kral’ın göğüsünü, Kral da elçinin omzunu öper. Kral, Paşa’nın elinden tutarak ona yer gösterir; bu yer kral tahtının yanıdır. Paşa koynundan hümayunnâmeyi (padişahın mektubu) çıkarıp öpüp başına koyduktan sonra, sağ eliyle Kral’a verir. Kral da padişah mektubunu iki kere öpüp başına koyduktan sonra, çevresinde bulunan yakınlarına gösterir. Bunlar da başlarına koyarlar. Tören tamamlandıktan sonra, Kral mektubu baş çevirmenine vererek, çevirmesini söyler* (Түнджер 1991: 30).

Қазақша аудармасы: “*Король османдық елшіні орнынан тұрып, бас киімін шешіп қарсы алады. Елші паша мен король төс түйістіреді. Король пашаның қолынан ұстап, төрді ұсынады, яғни өзінің тағының жанынан. Паша қойнынан падишахтың хатын шығарып, оны сүйіп басына қойғаннан кейін оң қолымен корольге ұсынады. Король да падишахтың хатын екі рет сүйіп, басына қойғаннан кейін, жанында тұрғандарға береді, оларда бас киімдерін шешіп, хатты сүйеді де бастарына қояды. Рәсім біткен соң король хатты бас аудармашыға ұсынып, аударуын талап етеді”.*

Бұл құжатта *paşa - паша, padişah - падишах, kral - король, mektup - хат, göğüs örtük - төс түйістіру, elçi - елші*, сияқты сөздердің қолданысында дипломатиялық қарым-қатынасқа қатысты ұғымдар анықталған. Әсіресе хат сөзінің қолданысына назар аударуға болады.

Бұл жердегі *mektip* - *xat* сөзінің мағынасын бірнеше тұрғыдан түсіндіруге болады:

1. Дипломатиялық хат-хабар жазысу;
2. Дипломатиялық нота.

Дипломатиялық хат-хабар жазысу – дипломатическая переписка терминіне З.Күзекова мен Т.Тұяқбаев сөздігінде мынадай сипаттама берілген: “дипломатиялық сипаттағы алуан түрлі ресми хат-хабарлар мен құжаттардың жиынтығы – совокупность различных видов официальной корреспонденции и документации дипломатического корпуса” (Күзекова, Тұяқбаев 1998: 20).

Ал, аталған сөздікте *дипломатиялық нота терминіне* - “*дипломатиялық хат-хабар құжаттарының түрі*” - деп түсінік берілген” (Күзекова, Туякбайев 1998: 20). Демек қазіргі қолданыстағы бұл екі терминнің мән-мағынасы бір-біріне жақын. Бірінші термин *дипломатиялық хат-хабар жазысу* – *переписка* мағынасында жалпылық сипатта болса, екінші термин құжаттың белгілі бір түрі. Біз талдап отырған кезеңде құжаттың түрлері бұлайша жіктеле қоймаған. Сондықтан хат сөзі *дипломатиялық нота, дипломатиялық хат* мағынасында жұмсалған деуге болады.

Жоғарыдағы мәліметтерден байқағанымыздай, көне түркілік кезеңде қолданған мәтіндерде дипломатиялық мәндегі сөздерде терминдік мән болмаған. Орта ғасырдан бастап дипломатиялық мәндегі сөздерде терминдік мән бірте-бірте қалыптасып, біршама жиі қолданысқа ие болған. Дипломатиялық істерде сақталған құжаттардың мәтіндік өзіндік ерекшеліктері бар. Кей ауызекі сөйлеу стиліне жақындағанмен, сол кезде жазбаша жазылған түрік тілінің жазбаша дипломатиялық құжаты болғандықтан, ресми стильдің алғашқы сипаты ретінде танылады. Мұнда кездесетін терминдердің негізінен жалпылық мәні болған. Түрік тіліндегі мәтіндердің композициялық құрылымында қазіргі қалыптасқан дипломатиялық нотаның құрылымы біршама сақталған деуге негіз бар. Құжаттар арқылы екі тілдегі дипломатиялық терминдердің тарихы тереңде екенін аңғаруға болады.

3. Қазақ және Түрік Тілдеріндегі Дипломатиялық Терминдердің Лексикалық Ерекшеліктері.

Енді негізгі мәселе қазақ және түрік тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің лексикалық ерекшеліктеріне тоқталайық. Ең алдымен оларды тілдік тұрғыдан айырмашылықтарын салыстыру үшін екіге бөліп қарастырамыз:

- Дара дипломатиялық терминдер;

– Күрделі дипломатиялық терминдер.

Дара дипломатиялық терминдер тек бір ғана сөзден жасалады: *елиші* – *elçi*, *елишілік* – *elçilik*, *кеден* – *gümrük*, *қарулану* – *silahlanma*, *ұлт* – *ulus*, *хат-тектір*, *қарусыздану* – *silahsızlanma*, *ұлтшылдық* – *ulusalcılık*, *одақ* – *ittifak*, *азаматтық* – *vatanlaşlık*, *декларация* – *deklarasyon*, *соғыс* – *savaş*, *үкімет* – *hükümet*, *саясат* – *siyaset*, *шабуыл* – *saldırı*, *виза* – *vize*, *атташе* – *ataşe*, *т.б.*

Күрделі дипломатиялық терминдердің жасалуының өзіндік ерекшелігі бар. Олардың құрамында екі не одан да көп сөздер болуы ықтимал. Күрделі дипломатиялық терминдердің құрамы неше сөзден құралса да олар бір ғана номинативтік қызметте жұмсалады. Номинативтік қызметі олардың терминдік мән алуының негізгі көрсеткіші ретінде танылады. Күрделі дипломатиялық терминдер негізінен сөз тіркестерінің лексикалануы арқылы жасалады. Біз мұны төменде аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды терминдерді талдау барысында зерттеп көрсетуге тырысамыз.

Қазақ және түрік тілдеріндегі күрделі дипломатиялық терминдерге мысал келтірелік:

Адам құқығы жөніндегі комиссия – *İnsan Hakları Evrensel Bildirgesi*
Азаматтығы жоқтық - *Vatandaşsızlık*

Америкааралық даму банкі /АДБ/ – *Amerikalılar Arası Kalkınma Bankası*

Америка мемлекеттерінің ұйымы /АМҰ/ – *Amerikan Devletleri Örgütü*
Африка Бірлігі ұйымы /АБҰ/ - *Afrika Birliği Örgütü*

Африка экономикалық қоғамы – *Afrika Ekonomik Topluluğu*

Африка даму банкы - *Afrika Kalkınma Bankası*

АҚШ - *Amerika Birleşik Devletleri (ABD)*

Америкалықтар еркін сауда аймағы – *Amerikalılar Serbest Ticaret Bölgesi*

Америка тәуелсіздік декларациясы - *Amerikan Bağımsızlık Bildirisi*

Америка мемлекеттері ұйымы – *Amerikan Devletler Örgütü*

Араб Одағы - *Arap Birliği*

Араб экономикалық ұйымы – *Arap Ekonomik Örgütü*

Араб экономикалық және әлеуметтік даму ұйымы – *Arap Ekonomik ve Sosyal Kalkınma Fonu*

Араб ынтымақтастық кеңесі – *Arap İş Birliği Konseyi*

Араб Мағрип ұйымы – *Arap Mağrip Birliği*

Араб ақша /валюта/ қоры – Arap Para Fonu

Азия даму банкы – Asya Kalkınma Bankası

Еуропа атом энергиясы қоғамы - Avrupa Atom Enerjisi Topluluğu

Еуропалық одақ – Avrupa Birliği

Еуропа экономика жөніндегі саласы - Avrupa Ekonomik Alanı

Еуропа экономикалық және ынтымақтастық жөніндегі ұйым – Avrupa Ekonomik İş Birliği Örgütü

Еуропалық экономикалық қауымдастығы – Avrupa Ekonomik Topluluğu

Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі мәжіліс – Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Konferansı

Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым / ЕҚЫҰ, ОБСЕ/ - Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Teşkilatı

Еуропа әуе тасымалдау және қауіпсіздік жөніндегі ұйым – Avrupa Hava Taşımacılığı Güvenlik Örgütü

Еуропа есеп айырысу бірлігі – Avrupa Hesap Birimi т.б.

Еуропа қайта- құру және даму банкы – Avrupa İmar ve Kalkınma Bankası т.б.

Дара дипломатиялық терминдерді шартты түрде жасалу жолына қарай былайша жіктейміз:

1 Түркілік төл негіздер арқылы жасалған терминдер;

2 Шетел тілінен енген кірме терминдердің аударылуы.

Түркілік негіз арқылы жасалған терминдердің қазақ және түрік тілдеріндегі жасалу жолдары ортақ болып келеді. Мысалы:

Қазақ тілінде: *мәлімдеу, кездесу, шабуыл, соғыс, қарулану, қарусыздану, ұлт, бейтараптық, құқық, азаматтық, қатынас, шеғара, келісім, аймақ, кемсітушілік, өкіл, өкілеттік, шетел, шетелдік т.б.*

Түрік тілінде: *bildiri, bildirim, görüşme, saldırı, silahlanma, silahsızlanma, ulus, tarafsızlık, hukuk, vatandaşlık, ilişkiler, sınır, anlaşma, bölge, diskriminasyon, temsilci, temsilcilik, yabancı ülke/yurtdışı, yabancı v.b.*

Бұл сөздердің қай-қайсысы да қазақ және түрік тілдерінің жалпы әдеби қолданысында белсенді жұмсалатын лексемалар. Солай бола тұра бұл сөздер дипломатиялық термин ретінде жаңа туынды мағынаға да ие болған.

Мәлімдеу сөзі салыстырылып отырған тілдерде белгілі бір нәрсе жайында айтып беру, баяндау мағынасын берсе, дипломатиялық термин

ретінде *мәлімдеме*, *мәлімдеу* сөздері белгілі бір халықаралық іс жөнінде мәлім ету, мәлімдеме жасау мағынасында жұмсалады.

Шегара сөзі тілімізде әртүрлі сипатта жұмсала алады. Бұл сөздің мағынасы ҚТТС-де былайша сипатталып түсіндірілген: “Территориялық жағынан бір-біріне шектесіп жатқан жер. *Уақыт 1919 жылдың жазы. Ақмола, Семей губерниясының шекарасы*” (Тоқаев 2002: 15).

Байқап отырғанымыздай бұл сөйлемдегі шегара сөзі дипломатиялық термин мағынасында жұмсалмаған, бір елдің ішіндегі екі облыс орталығының арасын белгілеу үшін қолданылып тұр. Ал енді екінші мысалға назар аударалық: *Екі күннен кейін біз алдыңғы шепке шығып, шабуыл ұрыстарын жүргізе отырып, ай жарым дегенде өзіміздің байырғы шегарамызға таяп келдік*. Бұл сөйлемде шегара екі елдің арасындағы саяси мәні бар аралықты белгілеп тұрғандықтан, дипломатиялық мәнге ие болады.

Сондай-ақ, шегара сөзі өзге де контекстерде, әсіресе ауызекі тілде, әртүрлі мағынада жұмсала беруі мүмкін, айталық: *достықтың шегарасы, облыстың шегарасы, адамгершіліктің шегарасы т.б. Ал, шыдамның да шегі бар дегенде ауыспалы мағынада жұмсалып тұр* (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1986:45). Дегенмен, мұндай қолданыста ол терминдік мәнге ие болмайды.

Шегара сөзі түрік тілінде *sınır* деп аталып, әртүрлі мағынада жұмсала алады. Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде шегара сөзінің төрт мағыналық анықтамасы берілген.

1. *Sınır. Komşu il, ilçe, mahalle, köy ya da kişilerin topraklarını birbirinden ayıran çizgi. Örn: Cappar Ağa, Halil Bey'in kızı Nazar'a evlenemediği için iki köyün sınırındaki ormanı yaktı.*

2. *Sınır. Bir şeyin genişleyebileceği ya da yayılabileceği son uç.*

3. *Sınır. Mec. (ауыс.) Son, uç. Örn: Dayanmanın da bir sınırı var.*

4. *Sınır. Mat. (матем.) İki bölgeyi ya da yüzeyi ayıran eğri* (Пүскүл-лұоғлу 1994: 50).

Түрік тіліндегі дипломатиялық сөздіктегі анықтамасы: “*Komşu devletlerin topraklarını birbirinden ayıran çizgi*” деп беріледі. *Örn. Osmanlı elçileri buluştukları sınır milinin ortasında birbirlerine saygılarını sunarlar ve yanlarında bulunan dört-beş çevirmenle konuşmalarını ve uzlaşmayı sürdürürlerdi* (Түнджер 1991: 175-177 бб.). *Daha önce çalan mehterheneler, elçi sınır miline doğru yürürken susar ve yabancı sınırdaki askerler de sessiz kalırlardı* (Түнджер 1991: 177 б).

Жоғарыда келтірілген мысалдарда *sınır* - *шегара* сөзі дипломатиялық термин ретінде жұмсалған. Осы сөздердің мағыналарының кеңеюі

нәтижесінде түрік тілінде де, дипломатия әлемінде жаңа дипломатиялық термин қалыптасқан. Сондай-ақ, *шегара/сınır/* сөзінің негіз болуы арқылы екі тілде бірнеше дипломатиялық терминдердің парадигматикалық қатары қалыптасқан:

Шегаралық бақылау – Sınırsal izlenim

Шегаралық шарттар – Sınır şartları

Шегаралық өзендер – Sınır ırmakları

Шегараны белгілеу – Sınırı belirleme

Шегара сызығы – Sınır çizgisi

Шегаралық жүргізу – Sınır yürütümü

Шегараны қайта құру – Sınırı düzenleme

Шегараны түзету – Sınırı düzeltme

Бұл терминдердің әрқайсысына дипломатиялық сөздікте түсініктеме беріледі:

Шегаралық бақылау – мемлекеттік шегара тәртібін қамтамасыз етуге байланысты шаралар кешені.

Шегаралық шарттар - шектес мемлекеттер арасындағы келісімдер.

Шегараны белгілеу – делимитация границы

Шегара сызығы - линия границы

Шегаралық өзендер - мемлекеттік шегара арқылы өтетін өзендер

Шегаралық жүргізу - жергілікті жерде мемлекеттік шегараны орнату.

Шегараны қайта жүргізу – мемлекеттік шегараның жүргізілген сызығын бірлесіп тексеру және жергілікті жерде қалыпына келтіру.

Шегараны түзету – мемлекеттік шегара сызығын болмашы ғана нақтылау, өзгеру” (Мақашева 2000: 63 б.).

Шетел, шетелдік /yabancı ülke, yabancı/ екі тілде де бұл сөздер жалпы қолданыста белсенді жұмсалады. Оның мағынасы терминдену мағынасына алмасқанын, түсіндірмесін көрсету үшін, талдау жүргізіп көрелік.

ҚТТС-де *шетел* – бөтен ел, басқа мемлекет. 1928 жылы Алма Оразбаева *шетелге* барып, онда *әйелдердің халықаралық секретариатының тапсырмасын орындады* (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1986:207). Қазақ тілінде *шетел* сөзі арқылы – дік сөз тудырушы жұрнағының жалғануының нәтижесінде *шетелдік* сөзі жасалса, түрік тілінде *уапан /бөтен, жат/* сөзіне - сі сөз тудырушы жұрнағының жалғануы арқылы *уабансі* сөзі жасалған. *Шетелдік* – *шетелден келген, өзге жұрттық. Yabancı* – *yabancı ülkeden gelen, yabancı uyruklu.*

Бүкілодақтық осы рекордтар шетелдік достардың назарын аударып шыға келді (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1986: 100).

Ал *шетелдік /yabancı/* сөзінің терминдік мағынасы сөздікте былай көрсетілген: Аталмыш мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын және өздерінің басқа мемлекет азаматына жататындығы туралы дәлелдемелері бар адамдар.

Шетелдік термині арқылы дипломатияда мынадай терминдер туындаған:

Тұрақты тұратын шетелдіктер – sürekli kalan yabancılar

Уақытша болатын шетелдіктер- geçici olan yabancılar

Шетел азаматтарының айрықша санаты - yabancı ülke vatandaşlarının özel görevi m.б. (Мақашева 2000: 63 б.), (Сөнмезоғлу 2000: 38).

Дипломатиялық сөздікте кездескен соң, бұл сөз тіркестері де термин ретінде бағаланады. *Тұрақты тұратын шетелдіктер, уақытша болатын шетелдіктер* деген терминдердің жасалуында шетелдіктер сөзі тірек сөз болады, ал *шетел азаматтарының айрықша санаты* деген терминнің жасалуына шетел сөзі негізгі ойды анықтау үшін қолданылған.

Қазақ тіліндегі *азаматтық* термині түрік тілінде, *vatandaşlık* болып қолданылады. Қазақ тіліндегі азаматтық сөзінің негізіне азамат сөзі алынып тұрса, түрік тілінде отан сөзі сөзжасамдық мағына жасауға негіз болған. Азаматтық сөзінің жалпы халықтық қолданыстағы мағынасы әртүрлі сипатта келеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *азаматтық* сөзінің екі мағынасы көрсетілген:

I Азаматтық. Зат. 1. Жасы толып ержеткендік. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер мезеті осындайда. Мұндайда жұқалық, осалдық байқатсам, азаматтығым қайсы? Өзі де бір болымды жігіт еді, азаматтығын істеп-ақ жүр екен. 2. Саналылық, адамгершілігі молдық. Әйел басыңмен еркектен артық, азаматтық еткенің бәріміздің жүрегімізді жылытты.

II Азаматтық. Сын. Азаматқа тән. Иске жаны ашығандық, ортақ мүддеге азаматтық үлес деген – сол. Оны игі жолға сілтемеуім азаматтық арға жатпас. Азаматтық арыма, табынам иіп басымды. Ғылымының асқар шыңында, Өткізсем қалған жасымды” (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1986: 66).

Дипломатиялық сөздікте берілген түсінігі: “*Азаматтық – гражданство. Жеке тұлғаның мемлекетпен орнықты саяси-құқықтық байланысы. Заңдық мағынада адамның мемлекетке қатысты болуы*” (Күзекова, Тұяқбақв 1998: 7).

Демек, *азаматтық-азаматтық-азаматтық* түрінде мағыналық даму болып, семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы дипломатиялық термин қалыптасқан. Бұл терминдердің жасалуына бастапқы азаматтық сөзі мағыналық және тұлғалық жағынан негіз әрі тірек болады. Сондықтан бұл сөз тіркесі арқылы жасалған дипломатиялық термин деп танылады. Олардың арасында жоғарыда көрсеткен парадигматикалық қатынаспен бірге синтагматикалық та қатынас бар. Яғни алу, айрылу, беру сөздерінің тіркесуі олар анықтайтын ұғыммен тікелей байланысты болады.

Түрік тіліндегі *vatandaşlık* – *азаматтық* термині *отан /vatan/* сөзінің мағыналық дамуы арқылы жасалған. *Vatan, vatandaşlık* сөзінің негізгі мағыналары да жалпы қолданыста белсенді жұмсалады. *Vatanımı seven ateşte yanmaz. Vatanına değer veren her vatandaş mutludur. Vatanımı satan – vefasızdır.* Бұл мысалдарда *азаматтық /vatandaşlık/* сөзі халықтық лексикада қолданылып тұр.

Uluslararası hukukta vatandaşlığını saptanması devletlerin ulusal yetki-leri içerisinde kabul edilmektedir. Devletler kendi vatandaşlarına aranacak koşulları, vatandaşlığa kabul ve vatandaşlıktan çıkarma biçimlerini ilgili yasalarla düzenlemektedirler (Сөнмезоғлу 2000: 70).

Мына сөйлемдерден *vatandaşlık* сөзі дипломатиялық термин ретінде жұмсалғаны байқалады. Ал, осы терминге түрік тіліндегі дипломатиялық сөздікте былайша анықтама беріледі: *Vatandaşlık, devletin tek taraflı egemenlik hakkını kullanarak koşullarını ve hükümlerini saptadığı bir hukuki statüü gerçekleştiren fert ile kendisi arasında kurulan hukuki bağ. Kişinin hukuki bir bağ nedeniyle bir devlete aidiyetini simgeleyen niteliğidir* (Сөнмезоғлу 2000:175).

Демек, осы сөздің негізінде *vatandaşlık* деген дипломатиялық термин семантикалық сөзжасам тәсілі арқылы қалыптасқан деуге толық негіз бар. Бұл термин арқылы екі тілде де тағы да мынадай сөздердің парадигматикалық қатары қалыптасқан:

Азаматтық - vatandaşlık

Азаматтық алу – vatandaşlığı kazanma

Азаматтықтан айрылу – vatandaşlığını kaybi

Азаматтық беру - vatandaşlık verme

Қос азаматтық- çifte vatandaşlık (Мақашева 2000: 63 б.), (Сөнмезоғлу 2000: 38).

4. Қазақ және Түрік Тілдеріндегі Күрделі Дипломатиялық Терминдердің Құрамы.

Қазақ және түрік тілдеріндегі күрделі дипломатиялық терминдерді екі сөзден құралған, үш сөзден құралған, көп сөзден құралған деп жіктеуге болады.

Екі сөзден құралған дипломатиялық терминдер: *қос азаматтық – çifte vatandaşlık, әділетті соғыс – haklı savaş, адам құқығы – insan hakkı, соғыс жағдайы – savaş hali, әуе құқығы – hava hukuğı, дипломатиялық хаттама – diplomatik protokol, дипломатиялық тіл – diplomatik dil, кедендік одақ – gümrük birliđi, мемлекеттік хатшы – devlet sekreteri, халықаралық құқық – uluslararası hukuk, төтенше жағдай – olađanıstü hâl, сыртқы саясат – dış siyaset, Еуропалық кеңес – Avrupa Konseyi, азаматтығы жоқтық – vatandaşsızlık, Еуропалық одақ – Avrupa Birliđi* т.б. (Мақашева 2000: 63 б.), (Сөнмезоғлу 2000: 38).

Үш сөзден құралған дипломатиялық терминдер: *Америкааралық даму банкі – Amerikalılar-Arası Kalkınma Bankası, Америка мемлекеттерінің ұйымы – Amerikan Devletleri Örgütü, Африка даму банкы – Afrika Kalkınma Bankası, Avrupa Ahengi Sistemi – Еуропа ынтымақтастық жүйесі, Еуропалық экономикалық қауымдастығы – Avrupa Ekonomik Topluluđu, Америка Мемлекеттері ұйымы – Amerikan Devletler Örgütü, Африка экономикалық қоғамы – Afrika Ekonomik Topluluđu, Африка Бірлігі ұйымы – Afrika Birliđi Örgütü, Америка теуелсіздік декларациясы – Amerikan Bađımsızlık Bildirisi, Араб ынтымақтастық кеңесі – Arap İş Birliđi Konseyi (ACC),* т.б. (Мақашева 2000: 63 б.), (Сөнмезоғлу 2000: 38).

Төрт және одан да көп сөзден құралған дипломатиялық терминдер: *Адам құқығы жөніндегі коммисия – İnsan Hakları Evrensel Bildirgesi, Америкалық еркін сауда аймағы – Amerikalılar Serbest Ticaret Bölgesi (FTAA), Араб экономикалық және әлеуметтік даму ұйымы – Arap Ekonomik ve Sosyal Kalkınma Fonu (AFESD), Еуропа атом энергиясы қоғамы – Avrupa Atom Enerjisi Topluluđu, Еуропа экономика жөніндегі саласы – Avrupa Ekonomik Alanı, Еуропа экономикалық және ынтымақтастық жөніндегі ұйым – Avrupa Ekonomik İş Birliđi Örgütü, Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі мәжіліс – Avrupa Güvenlik ve İş Birliđi Konferansı, Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым – Avrupa Güvenlik ve İş Birliđi Teşkilatı, Еуропа әуе тасымалдау және қауіпсіздік жөніндегі ұйым – Avrupa Hava Taşımacılıđı Güvenlik Örgütü, Еуропа есеп айырысу бірлігі – Avrupa Hesap Birimi,* т.б. (Мақашева 2000: 63 б.), (Сөнмезоғлу 2000: 38).

Мысалдарда келтірілген атаулар белгілі бір ұйымның немесе ұжымның атауы болғандықтан, атаулық мәнге ие. Сондықтан дипломатиялық сөздіктерде бұл сөздер термин ретінде көрсетілген.

Қазақ және түрік тілдерінде аналитикалық тәсіл арқылы жасалған дипломатиялық терминдердің құрамындағы термин жасаушы элементтердің шетел сөздері болатынын аңғара отырып, олардың мағыналық ерекшелігін саралауға болар еді. Дипломатиялық терминдер жасауда екі тілде де *экономика, банкі, декларация, атом, энергия, қоғам* т.б. сияқты грек, араб, латын сөздері кездеседі. Сонымен бірге дипломатиялық терминдер тізбесінде термин тудырушы элемент ретінде *-сия* (концессия), *-изм* (колониализм), *-ция* (*резолуция, дискриминация, коалиция, декларация, конфрантация*) сияқты тұлғалар мол кездеседі. Қазақ және түрік тілдерінде жасалған дипломатиялық терминдердің жасалуында қалыптасқан парадигматикалық және синтагматикалық заңдылықтар да бар. Мысалы, дипломатия сөзі арқылы аналитикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы мынадай терминдердің парадигматикалық қатары жасалған. Мұның өзі терминжасамдағы қалыптасқан үлгінің бар екенін танытса керек деп ойлаймыз:

Дипломатиялық агенттік – Diplomatik Ajente

Дипломатиялық келіссөздер – Diplomatik Sözleşmeler

Дипломатиялық қатынастар – Diplomatik İlişkiler

Дипломатиялық мұрағаттар – Diplomatik Arşivler

Дипломатиялық нота – Diplomatik Nota

Дипломатиялық өкілдік – Diplomatik Temsilcilik

Дипломатиялық пошта – Diplomatik Posta

Дипломатиялық протокол – Diplomatik Protokol

Дипломатиялық тіл – Diplomatik Dil (Мақашева 2000: 63 б.), (Сенмезоғлу 2000: 38).

Бұл арқылы терминдердің парадигматикалық қатынасы да ерекше көрінеді.

Сыртқы - *Діш* сөзі арқылы мынадай күрделі дипломатиялық терминдер жасалып, өзіндік парадигматикалық жүйе құрайды:

сыртқы саясат - Dış Siyaset

сыртқы саясат ақпаратты – Dış Siyaset Haberi

сыртқы саясатты жоспарлау - Dış Siyaseti Planlama

сыртқы саясат құралдары – Dış Siyaset Araçları

сыртқы істер министрлігі – Dış İşleri Bakanlığı т.б. (Мақашева 2000: 63 б.), (Сөнмезоғлу 2000:38).

Консул - *Konsolos* сөзі арқылы мынадай күрделі дипломатиялық терминдер жасалып, өзіндік парадигматикалық жүйе құрайды:

Консулдық дәреже – Konsolosluk Seviye

Консулдық корпус – Konsolosluk Bina

Консулдық мекеме – Konsolosluk Daire

Консулдық аймақ – Konsolosluk Bölge

Консулдық патент – Konsolosluk Patent

Консулдық тақта – Konsolosluk Tahta т.б. (Мақашева 2000: 63 б.), (Сөнмезоғлу 2000:38).

Бұл терминдердің қай-қайсысының да өзіндік түсініктемесі сөздіктерде беріліп отырады.

5. Қазақ және Түрік Тілдеріндегі Аналитикалық Тәсіл Арқылы Жасалған Дипломатиялық Терминдер.

Қазақ және түрік тілдеріндегі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған дипломатиялық терминдерді құрылысы мен ерекшелігіне қарай былай жіктеуге болады:

1. Біріккен сөздер арқылы жасалған дипломатиялық терминдер;
2. Сөз тіркесінің лексикалануы арқылы жасалған дипломатиялық терминдер.

Біріккен сөздер арқылы жасалған терминдер мыналар: *ара ағайындық - arabuliculuk , келіссөз – anlaşma, төраға – başkan т.б.*

Сөз тіркестерінің лексикалануы арқылы жасалған дипломатиялық терминдер әртүрлі сипатта келе алады:

а) Матаса байланысқан сөз тіркесінің лексикалануы арқылы жасалған дипломатиялық терминдер: *адам құқығы, баспана құқығы, баспасөз конференциясы, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы, БҰҰ-ның Бейбітшілікті Қолдау жөніндегі операциялары, Сыртқы саясат ақпараты, халықаралық валюта қоры, халықаралық теңіз құқығы, халықаралық ұйымның жарғысы, кеден салықтары, әуе құқығы, адам құқығы т.б.* (Мақашева 2000: 63 б.), (Сөнмезоғлу 2000: 38).

ә) Қабыса байланысқан сөз тіркесінің лексикалануы арқылы жасалған дипломатиялық терминдер: *аймақтық келісімдер, арнайы атташе, бейтараптық жүк, дипломатиялық агенттік, дипломатиялық виза, консулдық аймақ, консулдық патент, консулдық мекеме, қабылдаушы*

мемлекет, қысқаша қол қою, мемлекеттік сапарлар, уақытша сенімді өкіл, халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, халықаралық қатынастарда күш қолданбау, шегаралық өзендер, шегаралық шарттар, халықаралық шарттар т.б. (Мақашева 2000: 63 б.), (Сөнмезоғлу 2000:38).

Бұл терминдердің жасалуының негізгі ерекшелігі ретінде олардың сөз тіркестерінің негізінде жасалып, мағыналық даму арқылы лексикаланғанын атап өту керек. Дипломатиялық терминдердің көпшілігі еркін сөз тіркесі сияқты жасалғанымен, жалпы қолданыста белсенді түрде қолданыла бермейді. Олардың мағынасы тек халықаралық қатынастар мен байланыстарға сәйкес жасалынған.

Айталық, *дипломатиялық агенттік, дипломатиялық виза, консулық аймақ, консулдық патент, консулдық мекеме, мемлекеттік сапарлар, уақытша сенімді өкіл, халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, халықаралық қатынастарда күш қолданбау т.б.* сияқты сөздер тек дипломатиялық термин ретінде ғана танылып, қолданысқа түседі.

Ал *суық соғыс, шегаралық өзендер, сенім хат, сыртқы қарыз, қоғамдық пікір, ұлттық күш т.б.* түрінде келетін терминдер жалпы қолданыста әртүрлі ыңғайда еркін тіркес ретінде қолданылуы мүмкін. Болмаса географиялық, тарихи, саяси т.б. салалар бойынша да ғылыми терминдік мәні болуы ықтимал. Бұл терминдердің дипломатиялық мәні көбінесе контекст арқылы анықталады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің көпшілігі шетелдік сөздер арқылы жасалған. Сондықтан да, кірме сөздер арқылы жасалған дипломатиялық терминдерді ерекше бөліп қарастыру керек деп есептеуге болады.

6. Қорытынды

Қорытындылай келгенде, қазақ және түрік тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің қалыптасуы мен мағыналық дамуындағы негізгі ерекшелік ретінде мыналарды көрсетуге болады:

6.1. Көне түркілік кезеңде қолданған дипломатиялық мәндегі сөздерде терминдік мән болмаған.

6.2. Орта ғасырдан бастап дипломатиялық мәндегі сөздерде терминдік мән бірте-бірте қалыптасып, біршама жиі қолданысқа ие болған.

6.3. Дипломатиялық істерде сақталған құжаттардың мәгіндік өзіндік ерекшеліктері бар. Кей ауызекі сөйлеу стиліне жақындағанмен, сол кезде жазбаша жазылған түрік тілінің жазбаша дипломатиялық құжаты

болғандықтан, ресми стилдің алғашқы сипаты ретінде танылады. Мұнда кездесетін терминдердің негізінен жалпылық мәні болған.

6.4. Түрік тіліндегі мәтіндердің композициялық құрылымында қазіргі қалыптасқан дипломатиялық нотаның құрылымы біршама сақталған деуге негіз бар.

6.5. Қарап отырсақ, қазақ тілінде де, түрік тілінде де дипломатиялық атаулар әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты басқа елдердің ықпалынан алмасып немесе мүлдем қолданыстан шығып отырды. Мысалы, кеңес дәуірі кезінде қазақ тіліндегі дипломатиялық атаулар құрамына көптеген орыс терминдері тілге еніп кетті, ал түрік тілі болса француз, араб, парсы, ағылшын терминдерін әлі күнге дейін пайдаланып жүр.

6.6. Әйтседе екі тілге ортақ келген терминдер аз емес, олай болса ол екі мемлекет арасындағы дипломатиялық істердің жүргізуін оңайлатады деген ойға әкеледі.

Пайдаланылған Әдебиеттер

- Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Жалын, 2002. – 65 б.
- Püsküllüoğlu, Ali (1994), Arkadaş Türkçe Sözlüğü. – Ankara: Arkadaş. – 1215 б.
- Sönmezoğlu, Faruk (2005), Uluslararası İlişkiler Sözlüğü. – İstanbul: Der.
- Tüncer, Hüner (1991), Eski ve Yeni Diploması. – Ankara: Teknomak. – 169 б.
- Ибатов, А. (1990), ХІҮ ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. – Алматы: Ғылым. – 141 б.
- Ибраймов, Қ. (2005), Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы. – 26 б.
- Күзекова, З., Тұяқбаев, Т. (1998), Қазақша-орысша, орысша-қазақша дипломатиялық қысқаша сөздік. – Астана: Елорда. – 127 б.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (1986) 10 томдық. – Алматы: Арыс., – 1 т. – 699 б.
- Мақашева, К.Н. (2000), Дипломатиялық сөздік. – Алматы: Аян Әдет. – 248 б.
- Өмірәлиев, Қ. (1985), ҮІІІ-ХІІ ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы: Мектеп. – 127 б.
- Тоқаев, Қ. (2002), Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы: «Gauhar». – 568 б.